

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 197 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 790 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 453 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға арналған ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 197 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға арналған ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

- | | |
|------------------------|---|
| Школьник | - Қазақстан Республикасының Индустрия |
| Владимир Сергеевич | және сауда министрі, төраға |
| Мұхамбетов | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Ғабит Мұхамбетұлы | сауда министрлігі Техникалық реттеу |
| | және метрология комитетінің төрағасы, |
| | төрағаның орынбасары |
| Нұршабеков | - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру |
| Ризат Рахатбекұлы | және байланыс агенттігі төрағасының |
| | орынбасары |
| Белоног | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау |
| Анатолий Александрович | министрлігі Мемлекеттік |
| | санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау |
| | комитетінің төрағасы |
| Өмірбаев | - Қазақстан Республикасы Көлік және |
| Нұрланбек Балықбайұлы | коммуникация министрлігінің Көлік |
| | инфрақұрылымын дамыту комитеті |
| | төрағасының орынбасары |
| Исаев | - Қазақстан Республикасы Энергетика және |
| Мұсабек | минералдық ресурстар министрлігі Мұнай |
| | өнеркәсібі департаментінің директоры |

Қуанышбаева

Роза Сақтағанқызы

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі Әкімшілік-құқықтық
жұмыс департаментінің директоры

көрсетілген құрамнан Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы, Құсайынов Әбілғазы
Қалиақпарұлы, Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы, Байсеркин Бауыржан
Сәтжанұлы, Ермұханов Әділша Мағрыпұлы, Боярина Людмила Васильевна,
Пирогов Алексей Георгиевич шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге
асыруға арналған ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

7-тармақта "жүзеге асырады" деген сөздерден кейін "және қолданыстағы
заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызметке дербес жауап береді,
сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады" деген
сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.";

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Комиссия отырыстарының өткізілу нәтижелері бойынша барлық мүшелері
міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі